

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Алматы қаласының мәртебесі туралы мәселелер жөнінде)**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 1 шілдедегі N 259

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984, N 14 (қосымша); N 41; 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32; 325-құжат; N 45; 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32; 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат):

5-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар өндіріп алу мөлшері мен тәртібін Алматы қаласының өкілді органы белгілейді".

2. "Білім туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат; N 13-14, 327-құжат; N 16, 402-құжат; 1993 ж., N 8, 154-құжат; 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; 1995 ж., N 15-16, 104-құжат; N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 183-құжат; 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 22, 327-құжат):

34-бапта:

он алтыншы абзацтағы "Лицензиялау" деген сөз алып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"- заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты мамандықтар бойынша дипломдар беру құқығымен орта және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының қызметін лицензиялау;"

3. "Туризм туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 388-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат);

5-баптың бірінші бөлігінің бесінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздер "егер заңдарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200\_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат):

5-баптың 2-тармағындағы "банк заңдарымен" деген сөздер "заңмен" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; N 1998 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

4-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) заңды және жеке тұлғалардың Алматы қаласының рәміздерін өз фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алынатын алым.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген алымды алу тәртібі мен мөлшерін Алматы қаласының өкілді органы белгілейді."

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717\_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; N 13-14, 209-құжат):

85-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының қала маңындағы аймағына қосылған жерлерді пайдалану тәртібі мен режимін Алматы қаласының атқарушы органы белгілейді."

7. "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" 1990 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 1, 8-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 21, 130-құжат):

18-баптың он бірінші абзацы "жұмыс күшін" деген сөздерден кейін "егер заңдарда өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау

туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат):

5-баптың 2-тармағының оныншы абзацында "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.  
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК